

Сыр өңірінің Еуразия кеңістігінде алатын орны

Елбасымыз «Сыр Алаштың анасы» деп баға берген Сыр өңірінің түркі өркениетінде алар орны ерекше. Қазіргі таңда зерттеу жұмыстарының нәтижелері көрсеткендей бұл қасиетті мекенде біздің заманымыздан екі мың жыл бұрын дамыған адамзат өркениеті дүниеге келген. Жылнамалар мен тарихи ескерткіштерден мәлім болғандай, сонау ерте замандардан-ақ Сырдария өзенінің төменгі ағысы және орта ағысы тұсында ертедегі өркениеті дамыған тайпалық одақтардың (сақтар, массагеттер, исседондар, даилар т.б) тұрғаны белгілі. Үлкен суландыру құрылыстарының қалдықтары, қираған қалалардың орны, құлпытас ескерткіштері, таңбалар бұл халықтарда жоғары мәдениеттің болғандығынан хабар береді. Бабаларымыз ежелден-ақ жазу-сызу, сәулет өнерін, табиғи құбылыстарды зерделеу жолдарын, темір қорыту мен тіршілік үшін қажет бұйымдар жасау әдістерін ойлап тауып, әлемдік мәдениет пен өркениетті дамытуға елеулі үлес қосты. Орхон, Тува, Енисей, Абакан, Шығыс Түркістан, Талас, Ертіс, Ферғана және т.б. көптеген аймақтардан табылған көне ескерткіштер осы аймақтарды мекендеген б.з.д. I мың жылдықтың басында өзара бірігіп, күшті мемлекет болған Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы тайпаларының ортақ рухани және мәдени мұраларына айналды. Бұл құндылық кейіннен қазақ халқына мәңгілік мирас болып қалды.

Ежелгі Сыр өңірі көне дәуір көзі, мәңгі өшпес те өлмес мұралардың қазыналы мекені. Осы өңірдегі ежелгі және ортағасырлық Шірік Рабат, Жетіасар, Алтын Асар, Моншақты Асар, Жанкент, Жент сияқты қырыққа жуық қираған қалалардың мен асарлар орны бабалар дәуірінің ескерткішіндей. Сонымен қатар бұл өңірде сырт елдермен байланыстырған Ұлы Жібек жолының ізі жатыр. Сыр бойында ерте заманнан-ақ қала мәдениеті қалыптасқан. Оның тұрғындары қолөнер және саудамен айналысқан елді мекендерде тұрған. Бұған дәлел Жамал Қаршидың жазбаларында Сырдария қалаларының көпшілігінде мешіттер, қонақ үйлер, керуен сарайлар, тарихи ескерткіштер болған.

VII-XI ғасырларда Оғыз мемлекеті қалыптасып, астанасы Жібек Жолының тоғысқан торабында орналасқан, Орта Азия мен Таяу Шығыстың, сонау Қытайдың, сондай-ақ Жетісу өлкесі мен Еділ бойындағы елдердің арасын жалғап, сауда-саттығы мен мәдениетін дамытуға үлес қосқан айтулы қалалардың бірі-Жанкент қаласы. Сыр бойында орын тепкен тарихи өлке-Жанкент қаласында дүниеге келген, бүкіл түркі тілдес халықтардың ардақ тұтар абызы, ұлы күйші, философы Қорқыт Ата есімімен тығыз байланысты түркі мәдениетінің түп негізі осы жерде қаланып, Сыр өңірі қазақ және басқа да барша түркі халықтарының алтын діңгегіне айналды.

Тарихи тағылымы мол осы өлке ғасырлар шеруінде түркі тілдес халықтардың астаналар мекені атанды. VII-XI ғасырлардағы Оғыз мемлекетінің бас қаласы Жанкент, XIII ғасырдың екінші жартысында Ақ Орданың, XV-XVIII ғасырларда қазақ хандықтарының орталығы болған Сығанақ ұлттық шежіреміздің құндылықтары іспеттес.

Қазақтың біртұтас ел болып қалыптасуына Жоңғар мемлекетінің сыртқы саясаты қатты әсерін тигізді. Қазақ халқы өз өміріндегі аса ауыр апат, зор зобалаңға тап болып, адам айтқысыз аянышты күндерді басынан кешті. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» қасіреті кезінде Сырдың жағасында сулы, нулы, жиделі, тоғайлы жерлерін мекендеп, аман қалды. Сыр-Алаштың анасы» аталуы да тегін емес екендігі осының айғағы.

1818 жылы негізі қаланып, Қамысқала, Ақмешіт, Перовск атауларын иемденген, Қазақ Кеңестік Автономиялық Республикасының 1925-1929 жылдардағы астанасы болған Қызылорда қаласы - қазақ халқының алғашқы өз еркіндігін алуының, ұлтымыздың «қазақ» деген атауға ресми түрде иеленуінің тарихи куәгері.

Ежелден қалыптасқан тарихын, мәдениеті мен өнерін заманаларға жалғастырып, сабақтастырып келе жатқан Сыр жерінен XX ғасырда атақ даңқы елімізге, дүниежүзіне белгілі болған көптеген ғылым, әдебиет, өнер қайраткерлері шықты. Олар «Сыр елін жыр елі» атандырған, жыраулық дәстүрдің өкілдері Шораяқтың Омары, Балқы Базар, Қарасақал Ерімбет, Кете Жүсіп, Бұдабай, Дүр Оңғар, Даңмұрын, Тұрмағамбет, Нартай, Нұртуған секілді қасиетті тұлғалар ел жадында.

Қазақ халқының үш кемеңгерінің бірі - орақ ауыз, от тілді шешен Әйтеке би, өз дәуірінің көреген көсемі, даңқты қолбасшы, мемлекет қайраткері, Самарқанның отыз жылдан астам әмірі болған Жалаңтөс баһадүр, туған жерін жат жерлік басқыншылардан жан аямай қорғаған Жанқожа, Көкен, Жанназар, Бұқарбай, Бактыбай сынды хас батырлардың еркіндік сүйгіш ұлтжанды азамат Мұстафа Шоқайдың отаны.

Түбі бір түркі тілдес халықтардың ортақ мекеніне айналған Қазақстанның, соның ішінде, Сыр өңірінің жаһандану дәуірінде геосаяси маңызы артып отыр. Сырдария өзенінің төменгі ағысы бойындағы сонау сақ дәуірінен бастау алған этникалық процестер, саяси-экономикалық байланыстар бірнеше тайпалық одақтар мен ұлыстардың мүдделер тоғысы - патшалық Ресей мен Кеңестік кезеңде қалыптасқан тарихи-танымдық көзқарастар жүйесін тәуелсіз сана тұрғысынан қайта сараптауды қажет етеді.

Ел тәуелсіздігі бізге ұлттық құндылықтарымыз бен рухани қазыналарымызға азат ой биігінен қарау мүмкіншілігін сыйлады. Елбасы бастамасымен қабылданған әрбір бағдарлама зерттеушілердің ізденістеріне

тың серпін беріп, қоғамтанушыларды жаңа биіктерге жетелейтін белгілі. Соның бір дәлелі ретінде Сыр өңірінің тарихын кешенді түрде зерттеу арқылы, оның Еуразия тарихы мен мәдениетіндегі алатын орнын анықтау және саяси маңызын насихаттауды іске асыру мақсатында ашылған Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университет ректоры бұйрығымен (15.06.2012 ж. хаттама №12) «Еуразиялық өркениет және Сыр өңірі» ғылыми зерттеу орталығы.

Орталықтың алдында өлке тарихын кешенді зерттеу, тарих ғылымының кең дамуына үлес қосу, тарихи сананы қалыптастыру арқылы ұлтаралық, этникаралық ынтымақты күшейту, мемлекетіміздің ұлттық сәйкестілігін арттыру, зияткерлік ұлт қалыптастыруға үлес қосу, «ел бірлігі» доктринасын насихаттау, жастарға шығармашылық қолдау көрсету, оларды шынайы патриотизмге тәрбиелеу болып табылады. Сонымен бірге Сыр өңірінде жасаған өркениеттердің Еуразияның тарихи дамуына қосқан үлесін айқындау, тарихи-этнографиялық мұраларды жаңғырту арқылы ұлттық салт-дәстүрлеріміз бен әдеп-ғұрыптарымыздың сақталуын қамтамасыз ету, өңірдегі автохтонды ұлт пен түрлі диаспоралардың этнографиясын жан-жақты зерттеу нәтижесінде дәстүрлердегі ұқсастықтар мен ерекшеліктерді айқындау, этнографиялық мұралардың тарихилығын, яғни өлкеде жасаған ежелгі өркениеттермен сабақтастығын айқындау, облыс аумағында жасаған ежелгі өркениеттер мұраларын іздестіреміз, Сыр өңірінде өмір сүрген діни-ағартушылық мектеп өкілдерінің ғылыми-танымдық мұраларын жинастыру, сараптау және тың шығармаларды тәржімелеп, ғылыми айналымға енгізу, Сыр өңірін мекендеген ұлттар мен ұлыстардың этникалық құрамының қалыптасуын сұрыптау, тарихи тұлғалардың танымдық-тәрбиелік мұраларын жинақтау және насихаттау сияқты келелі міндеттер тұр.

Аталған орталықта бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес, тарихи-танымдық «Сыр-Алаштың анасы», «Сыр елінің халық батырлары» жинақтары әзірленді және ол жинақтар түрлі ғылыми орталықтарға сараптауға ұсынылды.

Сыр өңірі топырағында дүниеге келіп, ұлт тарихында өшпейтін із қалдырған М.Шоқай, Т.Қ.Жүргенов секілді мемлекет және қоғам қайраткерлері мен ғалымдар қалдырған мұраларды жинақтау, насихаттау мақсатында тұлғалық энциклопедиялар әзірлеу қолға алынды. Сонымен бірге қазіргі таңда «Сыр өңірінің этнографиясы: түркі өркениеті және дәстүр сабақтастығы» атты жоба аясында кең көлемде ізденіс жұмыстары жүргізілуде.

Орталық жанынан тәуелсіз еліміздің қазіргі заман тарихын зерттеумен айналысатын барлық зерттеушілерге мемлекетіміздің қалыптасу жылдарын,

халықаралық қауымдастықтағы еліміздің мәртебесін Елбасының қызметімен ұштастыра отырып насихаттау мақсатында 1-желтоқсан «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні» қарсаңында «Елбасы және Тәуелсіз Қазақстан» оқу-көрме залы ашылып, бүгінгі күні барлық келушілерге қызмет етуде. Оқу-көрме залы екі бөлімнен тұрады: 1) Көрме залы - бұл зал 22 планшеттен тұрады. Онда Тәуелсіздік жылдарындағы еліміздің қол жеткізген ең маңызды жетістіктерін айқындайтын материалдарды тамашалауға болады. Сонымен қатар құнды фото және мұрағаттық материалдар, Елбасының күнделікті өмірінен сыр шертетін жазбалары және де Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері – Туы, Елтаңбасы, Гимннің қабылдануы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы Жарлықтар, заңдар, қаулылар сынды құнды құжаттар бар. 2) Оқу залы мұнда 2 планшет орналасқан. 1-сі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың балалық шағы мен отбасына арналған, 2-сі Украинадағы оқыған жылдары мен еңбектегі алғашқы қадамдарынан көрініс береді. Сонымен қатар, Тұңғыш Президенттің наградлары, Елбасы қаламынан шыққан еңбектер, Елбасының қызметіне қатысты отандық және шетелдік авторлардың жазған кітаптары, Елбасымыздың сүйіп оқитын әдебиеттері топтастырылған.

Қорыта айтсақ, Еуразия кеңістігіндегі өркениеттер ошағы ретінде Арал аймағының алатын орны ерекше. Сыр өңірінің (Қызылорда облысының) тарихын кешенді түрде зерттеу ежелгі дәуірлерден бүгінгі күнге дейінгі Сырдария өзенінің жағасын мекендеген халықтардың этногенезі, этнографиялық-археологиялық, этномәдени, археологиялық ізденістер нәтижесінде жаңаша сарапталатын болады. Сондай-ақ олардың Еуразиялық өркениетте алатын орнын анықтау қазіргі қоғамдық ойдың дамуына жаңа серпін береді. Сонымен қатар, мемлекеттілігімізді қалыптастыру барысында халықтың рухани мәдениетін, дүниетанымын жетілдіру, сауаттандыру, әлеуметтік тұрмыс жағдайын көтерумен айналысқан, отарлық езгіге қарсы күрескен, имандылық пен білімділікті насихаттаған, шығыс өркениетінің жауһарларына айналған ғажайып туындыларды дүниеге келтірген ағартушылар қауымы мен қайраткерлердің ұлтымызды ұйыстырудағы рөлін жан-жақты ашу, олардың ел үшін жасаған қызметтеріне тарихи баға беру-басты міндеттеріміз болып қала береді.

Гүлжауһар Байхадамова

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті